

26	ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Әлеуметтік медициналық сақтандыру және қоғамдық денсаулық» кафедрасы		58-12
«Денсаулық сақтаудағы цифрландыру және жасанды интеллект» пәнінің жұмыс оқу бағдарламасы		26 беттің 1 беті

Силлабус

Пәнінің жұмыс оқу бағдарламасы «Денсаулық сақтаудағы цифрландыру және жасанды интеллект»

6B10111 «Қоғамдық денсаулық» Білім беру бағдарламасы

1.	Пән туралы жалпы мағлұмат		
1.1	Пән коды: DSCZhI 4301	1.6	Оқу жылы: 2025-2026
1.2	Пән атауы: Денсаулық сақтаудағы цифрландыру және жасанды интеллект	1.7	Курс: 4
1.3	Реквизитке дейінгі: «Қоғамдық денсаулық негіздері», «Денсаулықты басқару», «Қоғамдық денсаулық сақтау».	1.8	Семестр: 8
1.4	Реквизиттен кейінгі: магистратура деңгейінің пәндері.	1.9	Кредит саны (ECTS): 5
1.5	Цикл: БНП	1.10	Компонент: ЖК
2.	Пәннің мазмұны		
Денсаулық сақтаудың цифрлық инфрақұрылымымен жұмыс істеу білімі мен дағдыларын қалыптастыру: медициналық ақпараттық жүйелер, цифрлық басқару құралдары, АИ қолдану арқылы деректерді талдау және түсіндіру, технологиялардың тиімділігін бағалау, персоналдың цифрлық сауаттылығын дамыту және медицинада цифрлық шешімдерді қолдану мәдениетін ілгерілету.			
3.	Жиынтық бағалау нысаны		
3.1	Тестілеу ✓	3.5	Курстық
3.2	Жазбаша	3.6	Эссе
3.3	Ауызша	3.7	Жоба
3.4	Тәжірибелік дағдыларды бағалау	3.8	Басқа (көрсету)
4.	Пәннің мақсаты		
Білім алушылардың деректерді талдау, басқарушылық шешімдерді қолдау, медициналық ұйымдардың қызметін ұйымдастыру және бақылау, медициналық қызметтердің сапасын бағалау және цифрлық трансформация жағдайында тиімді сектораралық өзара іс-қимылды қамтамасыз ету үшін денсаулық сақтау жүйесінде цифрлық технологиялар мен жасанды интеллектті пайдалану бойынша білімдері мен дағдыларын қалыптастыру.			
5.	Пәнді оқытудың соңғы нәтижелері		
ОН 1	Денсаулық сақтауды цифрландырудың ұлттық және жаһандық трендтерін және олардың сектораралық өзара іс-қимылдағы рөлін талдайды.		
ОН 2	Электрондық құжат айналымы жағдайында есептік-есептік құжаттаманың жүргізілуін ұйымдастырады және бақылайды.		
ОН 3	Басқарушылық шешімдерді негіздеу үшін цифрлық шешімдер мен АІ арқылы алынған деректерді түсіндіреді.		
ОН 4	Медициналық ұйымдарда цифрлық технологияларды енгізудің тиімділігін бағалайды		
ОН 5	Медициналық ұйымда цифрлық сауаттылықты арттыру және цифрлық мәдениетті ілгерілету стратегияларын әзірлейді.		
ОН 6	Цифрлық тіркелімдерді пайдалана отырып, халықтың денсаулығы мен медициналық ұйымдардың қызметі туралы деректердің мониторингі мен талдауын жүзеге асырады.		
5.1	Пәннің ОН	Пәннің ОН-мен байланысты ББ оқыту нәтижелері	
	ОН 1,ОН 5	ОН 1. Қазіргі заманғы ақпараттық технологияларды пайдалана отырып, тиімді сектораралық өзара іс-қимыл жасау үшін қазіргі заманғы тарихтың, философияның және әлеуметтік-саяси білімнің маңызды аспектілеріне негізделген қоғамдық денсаулықтың	

26	ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ SKMA — 1979 — SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»	
«Әлеуметтік медициналық сақтандыру және қоғамдық денсаулық» кафедрасы		58-12
«Денсаулық сақтаудағы цифрландыру және жасанды интеллект» пәнінің жұмыс оқу бағдарламасы		20 беттің 2 беті

	негізгі тұжырымдамалары мен әдістерін қолданады.
ОН 3, ОН 4	ОН 4. Денсаулық сақтау саласындағы проблемаларды талдау және шешу және ғылыми негізделген шешімдер қабылдау кезінде жасанды интеллект құралдары мен сыни ойлау дағдыларын қолданады.
ОН 2, ОН 4, ОН 5	ОН 6. ҚР Денсаулық сақтау жүйесінің электрондық базаларында жұмыс істейді, Электрондық құжат айналымы және мұрағат бағдарламалары арқылы денсаулық сақтау ұйымдарында қажетті есепке алу-есеп беру құжаттамасын жүргізуді қамтамасыз етеді.
ОН 6	ОН 7. Қоршаған ортаның сапасы, денсаулық жағдайы, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы, Денсаулық сақтау ұйымдарының қызметі және халықтың көрсетілген медициналық қызметтерге қанағаттануы туралы деректерге мониторингті, талдауды және бағалауды жүзеге асырады.

6. Пән туралы толық ақпарат

6.1	Өткізу орны (ғимарат, аудитория): Аль-Фараби, 3, оқу корпусы №4 АО ЮКМА, 2- ҚАБАТ, ауд.1-9. www.skma.edu.kz					
6.2	Сағат саны:150	Дәріс	Тәжірибелік. сабақ	Зерт.сабақ.	ОБӨЖ	БӨЖ
		10	40	-	15	85

7. Оқытушылар туралы мәліметтер

№	ПОҚ-ның тегі, аты-жөні	Дәрежесі мен лауазымы	Электрондық мекен-жайы
1.	Тұрсынбаев Байжан	магистр, оқытушы	bai_jan_95@mail.ru
2.	Төлтаев Бақытжан Санакулович	М.ғ.к., доцент м.а.	toltaev73@mail.ru

8. Тақырыптық жоспар

Апта/ күн	Тақырып атауы	Пәннің қысқаша мазмұны	Пәннің ОН	Саға т саны	Оқыту техноло гиясының формасы / әдістері	Бағалау әдістері/ формалары
1	Дәріс. Денсаулық сақтауды цифрландыру: ҚР жаһандық трендтері мен стратегиясы.	Денсаулық сақтаудағы негізгі бағыттары. Жаһандық бастамалар (ДДҰ, OECD). "Денсаулық сақтау 2030" ұлттық стратегиясы.	ОН1	1	Кіріспе	Кері байланыс сұрақтары
	Тәжірибелік сабақ. Денсаулық сақтаудағы цифрландырудың ұлттық басымдықтарын талдау.	"Денсаулық сақтау 2030" Стратегиясын топтық талдау: мақсаттар, көрсеткіштер, жауапты, тәуекелдер.	ОН1	3	Кіші топта жұмыс Тақырыпты талқылау	Ауызша сұрау, тест тапсырмаларын орындау
	ОБӨЖБӨЖ. ҚР Денсаулық сақтаудағы цифрландыруды дамыту кезеңдері. БӨЖ тапсырмасы: 1. Саулық сақтау	Қазақстанның денсаулық сақтау жүйесіне цифрлық технологияларды енгізудің негізгі кезеңдерін зерделеу.	ОН1	1	Баяндама, презентация дайындау, тест тапсырмала	БӨЖге арналған тексеру парағы



	саласындағы цифрлық технологияларды енгізудің соңғы 20 жыл ішіндегі негізгі оқиғаларын хронологиялық тізбек түрінде құрастырыңыз. 2. «Денсаулық 2030» стратегиясын тандап алынған бір елдің ұқсас стратегиясымен салыстырыңыз, ұқсастықтар мен айырмашылықтарды анықтаңыз. 3. Ауылдық аудандағы медициналық қызметтің қолжетімділігіне ең үлкен әсерін тигізген цифровизация кезеңін анықтап, негіздеңіз.				рын құрастыру	
2	Дәріс. Медициналық ақпараттық жүйелер (МАЖ): медициналық ұйымды басқарудағы рөлі.	МАЖ ұғымы, олардың функциялары мен медициналық көмектің сапасын есепке алу, есеп беру және бақылау үшін маңызы.	ОН2	1	Шолу	Кері байланыс сұрақтары
	Тәжірибелік сабақ. Емханада электрондық құжат айналымын ұйымдастыру: кейс-талдау.	ЭМК енгізу бойынша істі талдау: проблемаларды анықтау, басқару шешімдерін әзірлеу.	ОН2	3	Case study	Ауызша сұрау. Жағдайлық есептерді шешу
	ОБӨЖ/БӨЖ. Денсаулық сақтаудағы МАЖ дамыту бағыттары БӨЖ тапсырмасы: 1. Медициналық ақпараттық жүйенің (МАЖ) негізгі 5 функциясын атап, әрқайсысының медициналық ұйымның басқаруына қалай ықпал ететінін сипаттаңыз. 2. МАЖ пен МӘММ жүйесінің интеграциясы аудандық поликлиниканың	Медициналық ақпараттық жүйелердің қазіргі тенденциялары мен даму перспективаларын талдау.	ОН2	1	Баяндама, презентация дайындау, тест тапсырмаларын құрастыру	БӨЖге арналған тексеру парағы



3	басқару проблемаларын қалай шешуге мүмкіндік беретінін талдаңыз. 3. Аудандық ауруханада есеп және есеп беру тиімділігін арттыру үшін МАЖ-ді қайта жаңартудың үш бағытын ұсыныңыз.					
	Дәріс. Электрондық медициналық карта (ЭМК): стандарттар, деректер сапасы, мониторингтегі рөлі.	ЭМК құрылымы мен мазмұны. Деректер сапасының басқару шешімдерін қабылдауға және халықтың денсаулығын бақылауға әсері.	ОН2 ОН6	1	Шолу	Кері байланыс сұрақтары
	Тәжірибелік сабақ. ЭМК-дағы деректердің сапасын талдау: есепте "соқыр аймақтарды" анықтау.	ЭМК толтырудағы типтік қателіктерді және олардың статистика мен шешім қабылдауға әсерін бағалау.	ОН2 ОН6	4	Case study	Ауызша сұрау. Жағдайлық есептерді шешу
	ОБӨЖБӨЖ. Электрондық медициналық карта: құрылымы мен мазмұны. БӨЖ тапсырмасы: 1. Ересек пациент үшін электрондық картаның міндетті бөлімдерін атап, олардың қажеттілігін негізденіз. 2. ЭМК-ның «анамнез» бөлімін толық емес толтырудың диагностика сапасына қалай әсер етуі мүмкін екенін талдаңыз. 3. Региондағы барлық медициналық ұйымдарда ЭМК құрылымының бірыңғай стандартын қамтамасыз ету үшін ұсыныстар әзірлеңіз.	ЭМК компоненттерін, олардың есепке алу нысандарымен және жүргізу стандарттарымен байланысын зерттеу.	ОН2	1	Баяндама, презентация дайындау, тест тапсырмаларын құрастыру	БӨЖге арналған тексеру парағы
4	Дәріс. Телемедицина: модельдер, реттеу, тиімділікті бағалау.	Телемедициналық қызмет түрлері. ҚР-дағы құқықтық негіздер. Пациенттердің қолжетімділігін, сапасын және қанағаттануын бағалау.	ОН4	1	Шолу	Кері байланыс сұрақтары
	Тәжірибелік сабақ.	Телемедицинаны енгізуге	ОН4	3	Кіші топта	Ауызша



	Телемедициналық қызметтің тиімділігін бағалау: кейс-әдіс.	дейінгі және кейінгі көрсеткіштерді талдау: қамту, сапа, қанағаттану.			жұмыс Тақырыпты талқылау	сұрау, тест тапсырма ларын орындау
5	ОБӨЖБӨЖ. Алғашқы медициналық-санитарлық көмек жүйесіндегі Телемедицина. БӨЖ тапсырмасы: 1. Телемедицинаның үш негізгі моделін атап, біріншілік медициналық-санитариялық көмекте қолданылуына мысал келтіріңіз. 2. Қалалық және ауылдық жерлердегі телемедициналық қызметтердің қолжетімділігін салыстырыңыз. Әр жағдайда қандай кедергілер бар? 3. Қашықтан консультация өткізу кезінде дәрігер, науқас және ақпараттық технология маманының өзара әрекеттесу схемасын әзірлеңіз.	МСАК қолжетімділігі мен сапасын арттырудағы телемедицинаның рөлін талдау.	ОН4	2	Баяндама, презентация дайындау, тест тапсырмаларын құрастыру	БӨЖге арналған тексеру парағы
	Дәріс. Денсаулық сақтаудағы жасанды интелект: менеджерлер үшін мүмкіндіктер мен шектеулер.	Диагностикада, болжауда және басқаруда ЖИ қолдану. Этикалық, ұйымдастырушылық және құқықтық сын-қатерлер..	ОНЗ	1	Шолу	Кері байланыс сұрақтары
	Тәжірибелік сабақ. Басқару шешімін қабылдау үшін ЖИ алгоритмінің нәтижелерін түсіндіру.	ЖИ-талдау деректері негізінде-ресурстардың алдын алу және бөлу жөніндегі басқару шараларын тұжырымдау	ОНЗ	3	Case study	Ауызша сұрау. Жағдайлық есептерді шешу
	ОБӨЖБӨЖ. Диагностика мен алдын алу жасанды интелекті қолдану. БӨЖ тапсырмасы:	Ауруларды скринингте, диагностикада және болжауда ЖИ қолданудың заманауи мысалдарына шолу	ОНЗ	1	Баяндама, презентация дайындау, тест тапсырмалар	БӨЖге арналған тексеру парағы



	1. Тері рагын скринингтеу кезінде ЖИ қалай көмектесетінін түсіндіріңіз. Алгоритм мысалын келтіріңіз. 2. ЖИ диагноз қою кезінде қашан қате жасауы мүмкін? Бұл науқас үшін қандай қауіп төндіреді? 3. Аудан халқының қант диабеті дамуының қаупін болжау үшін ЖИ-ды қалай қолдануға болатынын ұсыныңыз.				ын құрастыру	
6	Дәріс. Басқару шешімдерін қолдау үшін деректерді талдау.	Денсаулық сақтаудағы деректер көздері. Data-driven decision making принциптері. Деректерді түсіндірудегі көшбасшының рөлі.	ОН3 ОН6	1	Шолу	Кері байланыс сұрақтары
	Тәжірибелік сабақ. Деректер негізінде шешім қабылдау: "ауданда сырқаттанушылықтың өсуі" жағдайы.	Графиктер мен кестелерді талдау, себептерді анықтау, басқару шараларын негіздеу.	ОН3 ОН6	4	Case study	Ауызша сұрау. Жағдайлық есептерді шешу
	ОБӨЖБӨЖ. Денсаулық сақтау жүйесіндегі деректер көздері. БӨЖ тапсырмасы: Саулық сақтау жүйесіндегі деректер көздері: 1. Саулық сақтаудағы 5 негізгі деректер көзін атап, олардың әрқайсысы қандай мақсатта қолданылатынын көрсетіңіз. 2. ЭМК-дан және халықтың сауалнамасынан алынған деректердің сапасын салыстырыңыз. Әр көздің артықшылықтары мен кемшіліктері	Негізгі деректер көздерін зерттеу: МИС, регистрлер, сауалнамалар, әкімшілік есептілік.	ОН3 ОН6	1	Баяндама, презентация дайындау, тест тапсырмаларын құрастыру	БӨЖге арналған тексеру парағы



7	қандай? 3. Медициналық ұйымдардан ұлттық есеп беру жүйесіне түскен деректердің дәлдігін арттыру үшін шаралар ұсыныңыз. №1 Аралық бақылау					
	Дәріс. Сандық регистрлер және қоғамдық денсаулықтағы үлкен деректер.	Аурулардың ұлттық тізілімдері (онкология, АИТВ, қант диабеті). Алдын алу бағдарламаларын талдау және жоспарлау үшін Big Data пайдалану.	ОН6	1	Шолу	Кері байланыс сұрақтары
	Тәжірибелік сабақ. Сандық регистрлердің көмегімен санитарлық-эпидемиологиялық жағдайды бақылау.	Аурудың өршуін анықтау және эпидемиологиялық жағдайды бағалау үшін осы регистрлерді пайдалану.	ОН3	3	Кіші топта жұмыс Тақырыпты талқылау	Ауызша сұрау, тест тапсырмаларын орындау
	ОБӨЖБӨЖ. ҚР-дағы аурулардың ұлттық тіркелімдері. БӨЖ тапсырмасы: Қазақстандағы аурулардың ұлттық регистрлері: 1. Қазақстандағы үш негізгі ұлттық регистрлерді атап, олар қандай аурулар бойынша жүргізілетінін түсіндіріңіз. 2. Онкологиялық регистрдің деректері қалай диспансерлендіруді жоспарлауға қолданылуы мүмкін? 3. Жүрек-тамыр аурулары бар науқастардың регистріне емдеудің тиімділігін бағалау үшін қандай көрсеткіштер енгізілуі керек?	Негізгі регистрлердің сипаттамасы (онкология, АИТВ, қант диабеті), олардың мониторинг пен жоспарлаудағы рөлі	ОН6	1	Баяндама, презентация дайындау, тест тапсырмаларын құрастыру	БӨЖге арналған тексеру парағы
	Дәріс. Сандық	Сандық шешімдерді	ОН4	1	Шолу	Кері



8	тиімділікті бағалау: әдістері мен көрсеткіштері.	қабылдауды бағалау тәсілдері: ROI, cost-effectiveness, пайдаланушы тәжірибесі				байланыс сұрақтары
	Тәжірибелік сабақ. SWOT-медициналық ұйымда цифрлық шешімді енгізуді талдау.	Жұқпалы аурудың құрылымын талдау. Аймақтар бойынша салыстырмалы талдау. Эпидемиологиялық шектерді бағалау.	ОН4	3	Кіші топта жұмыс Тақырыпты талқылау	Ауызша сұрау, тест тапсырмаларын орындау
	ОБӨЖ\БӨЖ. Цифрлық технологияларды енгізу тиімділігінің көрсеткіштері. БӨЖ тапсырмасы: Цифрлық технологияларды енгізудің тиімділігін бағалау: 1. Поликлиникада телемедицинаны енгізуді бағалау үшін қолданылатын 5 тиімділік көрсеткішін (KPI) атап шығыңыз. 2. Телемедициналық қызметтердің жоғары қамтылуы әрқашан медициналық көмектің жоғары сапасын білдірмейтінін негіздеңіз. 3. Стационарда электрондық медициналық картаны енгізудің тиімділігін бағалау үшін көрсеткіштер жүйесін әзірлеңіз.	Медициналық ұйымдардағы цифрлық шешімдердің тиімділігін бағалау әдістері мен көрсеткіштерін зерттеу	ОН4	2	Баяндама, презентация дайындау, тест тапсырмаларын құрастыру	БӨЖге арналған тексеру парағы
9	Дәріс. Цифрландырудың этикалық, құқықтық және ұйымдастырушылық аспектілері.	Жеке деректерді қорғау, медициналық құпия, ағып кету жауапкершілігі. ҚР-дағы құқықтық реттеу.	ОН 2	1	Шолу	Кері байланыс сұрақтары
	Тәжірибелік сабақ. Этикалық жағдайларды талдау: деректердің бұзылуы, ЕМС-тен бас тарту, ЖИ қатесі.	Этикалық дилеммаларды талқылау, жауапкершілікті анықтау, алдын алу шараларын тұжырымдау.	ОН2	4	Case study	Ауызша сұрау. Жағдайлық есептерді



						шешу
10	ОБӨЖ\БӨЖ. ҚР Денсаулық сақтау саласындағы цифрландыруды құқықтық реттеу. БӨЖ тапсырмасы: Саулық сақтаудағы цифровизацияның құқықтық реттелуі : 1. Цифрлық медициналық деректерді пайдалануды реттейтін ҚР-ның үш негізгі заңын атап шығыңыз. 2. Науқас ЭМК-ға деректерін енгізуге бас тартты. Дәрігер қандай шаралар қолдануы керек? 3. Деректердің сақталмауынан медициналық ұйымда қандай қауіпсіздік шаралары енгізілуі керек?	Цифрлық технологияларды пайдалануды және деректерді қорғауды реттейтін заңнамалық актілерді талдау.	ОН2	1	Баяндама, презентация дайындау, тест тапсырмаларын құрастыру	БӨЖге арналған тексеру парағы
	Дәріс. Цифрландыру кезіндегі өзгерістерді басқару: көшбасшының рөлі.	Цифрлық технологияларды енгізудегі кедергілер. Өзгерістерді басқарудағы, коммуникациядағы және цифрлық мәдениетті қалыптастырудағы көшбасшының рөлі.	ОН5	1	Шолу	Кері байланыс сұрақтары
	Тәжірибелік сабақ. Ауруханада цифрлық мәдениетті насихаттау стратегиясын әзірлеу.	Топтық жұмыс: қызметкерлердің қарсылығын қалай жеңуге болады, сандық шешімдерді қолдануға ынталандыру.	ОН5	3	Кіші топта жұмыс Тақырыпты талқылау	Ауызша сұрау, тест тапсырмаларын орындау
	ОБӨЖ\БӨЖ. ЕПМ статистикалық есептерін талдау БӨЖ тапсырмасы: Цифрлық шешімдерді енгізу кезіндегі өзгерістерді басқару: 1. Жаңа МАЖ-ды енгізу кезінде медициналық	Өзгерістерді басқару тәсілдерін, соның ішінде коммуникацияны, оқытуды және қызметкерлерді қолдауды зерттеу.	ОН5	1	Баяндама, презентация дайындау, тест тапсырмаларын құрастыру	БӨЖге арналған тексеру парағы



	ұйым кездесетін үш негізгі кедергіні атап шығыңыз. 2. Медициналық қызметкерлердің электрондық құжат айналысына кедергі көрсетуінің себептерін талдаңыз. 3. Жаңа цифрлық платформаны енгізу кезіндегі медициналық қызметкерлермен байланыс жоспарын әзірлеңіз. Кім, кімге, не және қашан хабарлауы керек?					
11	Тәжірибелік сабақ. Медициналық ұйымдарда цифрлық технологияларды енгізудегі кедергілерді талдау.	Нақты жағдайлардың мысалында ұйымдастырушылық, кадрлық және техникалық кедергілерді анықтау.	ОН5	3	Case study	Ауызша сұрау. Жағдайлық есептерді шешу
	ОБӨЖБӨЖ. Медицина қызметкерлерінің цифрлық сауаттылығы. БӨЖ тапсырмасы: Медициналық қызметкерлердің цифрлық сауаттылығы: 1. ЭМК-мен жұмыс істеу үшін медициналық қызметкерде болуы керек негізгі 5 дағдыны атап шығыңыз. 2. Медбикенің төмен цифрлық сауаттылығының есеп және есеп беру сапасына қалай әсер етуі мүмкін екенін талдаңыз. 3. Үлкен жастағы дәрігерлер үшін цифрлық сауаттылықты арттырудың үш түрін ұсыныңыз.	Сандық сауаттылық ұғымын, оның компоненттерін және тиімді жұмыс үшін маңыздылығын талдау.	ОН5	1	Баяндама, презентация дайындау, тест тапсырмаларын құрастыру	БӨЖге арналған тексеру парағы

26	ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ  SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»	
«Әлеуметтік медициналық сақтандыру және қоғамдық денсаулық» кафедрасы		58-12
«Денсаулық сақтаудағы цифрландыру және жасанды интелегнт» пәнінің жұмыс оқу бағдарламасы		20 беттің 11 беті

12	Тәжірибелік сабақ. Денсаулық сақтау жүйесіндегі озық технологияларды талдау: басқару үшін қиындықтар мен мүмкіндіктер.	Денсаулық сақтау жүйесіне әсері тұрғысынан перспективалы технологияларды (дербестендірілген медицина, цифрлық егіздер, блокчейн, AI платформалары) талқылау. Қонырауларды (қаржыландыру, кадрлар, этика, деректерді қорғау) және мүмкіндіктерді (сапаны, қолжетімділікті, басқару тиімділігін арттыру) талдау. Медициналық ұйымдарға инновацияларды енгізудің орындылығы мен кезеңдеріне басқарушылық көзқарасты қалыптастыру.	ОН1 ОН3	4	Кіші топта жұмыс Тақырыпты талқылау	Ауызша сұрау, тест тапсырмаларын орындау
	ОБӨЖБӨЖ. Цифрлық денсаулық сақтаудың болашағы: трендтер мен қиындықтар. БӨЖ тапсырмасы: Цифрлық саулық сақтаудың болашағы: даму бағыттары мен қиындықтар: 1. Келесі 10 жыл ішінде саулық сақтауды өзгертетін үш перспективалы технологияны атап шығыңыз. 2. Цифрлық егіздерді медицинада қолдану кезінде қандай этикалық мәселелер туындайды? 3. Қазақстанның саулық сақтау жүйесі үшін жасанды интелекттің кеңінен енгізілуі қандай қиындықтар тудырады? Аралық бақылау -2	Жетілдірілген технологияларға шолу (жеке медицина, сандық егіздер) және жүйеге арналған қоныраулар.	ОН1 ОН3	2	Баяндама, презентация дайындау, тест тапсырмаларын құрастыру	БӨЖге арналған тексеру парағы
9.	Оқыту әдістері және бақылау түрлері					
9.1	Дәріс		Кіріспе, шолу кері байланыс сұрақтары			
9.2	Тәжірибелік сабақ		Кіші топта жұмыс, Ауызша сұрау, тақырыпты талқылау, Case study, Жағдайлық есептерді шешу, тест тапсырмаларын орындау			
9.3	БӨЖ/ОБӨЖ		Баяндама, презентация дайындау, тест тапсырмаларын құрастыру			

26	ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ  SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»	
«Әлеуметтік медициналық сақтандыру және қоғамдық денсаулық» кафедрасы		58-12
«Денсаулық сақтаудағы цифрландыру және жасанды интелегнт» пәнінің жұмыс оқу бағдарламасы		20 беттің 12 беті

9.4	Аралық бақылау		Тестілеу		
10	Бағалау критерийлері				
10.1	Пәннің оқыту нәтижелерін бағалау критерийлері				
ОН №	Оқыту нәтижелері	Қанағаттанарлықсыз	Қанағаттанарлық	Жақсы	Өте жақсы
ОН 1	Денсаулық сақтауды цифрландырудың ұлттық және жаһандық трендтерін және олардың сектораралық өзара іс-қимылдағы рөлін талдайды.	Цифрландырудың негізгі бағыттарын атай алмайды, жаһандық және Ұлттық бастамалар арасындағы айырмашылықты түсінбейді	Цифрландырудың негізгі трендтерін атайды, бірақ олардың секторлар арасындағы өзара іс-қимылға әсерін түсіндіре алмайды.	Ұлттық және халықаралық стратегияларды талдайды, Денсаулық сақтау жүйесі үшін негізгі бағыттар мен олардың маңыздылығын атап көрсетеді	Трендтерді терең талдайды, жаһандық және ұлттық стратегиялар арасындағы қатынастарды анықтайды, сектораралық өзара іс-қимыл үшін қорытындылар мен ұсыныстарды тұжырымдайды.
ОН 2	Электрондық құжат айналымы жағдайында есептік-есептік құжаттаманың жүргізілуін ұйымдастырады және бақылайды.	Есеп құжаттамасының негізгі нысандарын білмейді, электрондық құжат айналымының принциптерін түсінбейді.	Құжаттаманың негізгі нысандарын біледі, бірақ деректер сапасын бақылау рәсімдерін сипаттай алмайды.	Құжаттаманы жүргізу және бақылау процестерін сипаттайды, тәжірибеден алынған мысалдарда білімді қолданады.	Құжат айналымы жүйесін жан-жақты сипаттайды, чек парақтарын, деректер сапасын жақсарту және бақылау бойынша ұсыныстар әзірлейді.
ОН 3	Денсаулық сақтаудағы басқару шешімдерін негіздеу үшін цифрлық шешімдер мен жасанды интелект арқылы алынған деректерді түсіндіреді.	Сандық жүйелердегі деректерді шешім қабылдау үшін қалай пайдалануға болатынын түсінбейді.	Деректер көздерін атай алады, бірақ оларды басқару мақсатында түсіндіре алмайды.	МАЖ, регистрлер, АИ-Алгоритмдер деректерін түсіндіреді, жоспарлау және басқару үшін қорытынды жасайды.	Деректерді терең талдайды, "соқыр аймақтарды" анықтайды, тәуекелдер мен ресурстарды ескере отырып, басқару шешімдерін негіздейді.
ОН 4	Денсаулық сақтаудың әртүрлі сегменттерінд	Тиімділікті бағалау әдістерін білмейді, SWOT және cost-effectiveness	Тиімділік көрсеткіштерін атайды, бірақ оларды нақты жағдайға қолдана	Берілген критерийлер (қамту, қанағаттану, сапа) бойынша	Тиімділікті кешенді бағалауды жүргізеді, оңтайландыру бойынша ұсыныстарды тұжырымдайды

26	ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ  SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»	
«Әлеуметтік медициналық сақтандыру және қоғамдық денсаулық» кафедрасы		58-12
«Денсаулық сақтаудағы цифрландыру және жасанды интелегнт» пәнінің жұмыс оқу бағдарламасы		20 беттің 13 беті

	е цифрлық технологияларды енгізудің тиімділігін бағалайды.	деген не екенін түсінбейді	алмайды.	цифрлық технологияларды енгізуді бағалайды.	
ОН 5	Медициналық ұйымда цифрлық сауаттылықты арттыру және цифрлық мәдениетті ілгерілету стратегияларын әзірлейді.	Сандық сауаттылықтың не екенін және медицина қызметкерлеріне не үшін қажет екенін түсінбейді.	Жалпы оқыту шараларын сипаттайды, бірақ нақты стратегияны ұсына алмайды	Қызметкерлердің қажеттіліктерін ескере отырып, цифрлық сауаттылықты арттыру бағдарламасын әзірлейді.	Тиімділікті енгізу және бағалау жоспарымен кешенді стратегияны (оқыту, коммуникация, мотивация, бақылау) жасайды.
ОН 6	Цифрлық тіркелімдерді пайдалана отырып, халықтың денсаулығы мен медициналық ұйымдардың қызметі туралы деректердің мониторингі мен талдауын жүзеге асырады.	Сандық регистрлердің не екенін білмейді, олардың мақсатын түсінбейді.	Негізгі регистрлерді атайды, бірақ жағдайды талдау үшін деректерді түсіндіре алмайды.	Регистрлерден алынған деректерді талдайды, сықаттанушылық тенденцияларын анықтайды, қорытынды жасайды.	Кешенді мониторинг жүргізеді, "ыстық нүктелерді" анықтайды, алдын алу және басқару шараларының қажеттілігін негіздейді.

10.2 Бағалау әдістері және критерийлері

Тәжірибелік сабаққа арналған тексеру парағы

Бақылау түрі	Баға	Бағалау критерийлері
Ауызша сұрау	A (4,0;95-100%)	Сұрақты толық және терең ашады. Материалды өте жақсы біледі және терминологияны сенімді қолданады. Ойларын логикалық және бірізді түрде жеткізеді. Мысалдар келтіреді, талдау және қорытынды жасау қабілеті бар. Оқытушының қосымша сұрақтарына сенімді жауап береді.
	A- (3,67; 90-94%)	Жауабы толық және қисынды. Аздаған дәлсіздіктер мағынаны өзгертпейді. Тақырыпты терең меңгергенін көрсетеді. Дәлелдері нақты, сөйлеуі сенімді.
	B+ (3,33;85-89%); B (3,0 ;80-84%); B- (2,67; 75-79%); C+ (2,33;70-	-Материал жеткілікті толық ашылған. Білімі сенімді, бірақ кейбір бөлшектерде кемшіліктер бар. Нақтылау сұрақтарына жауап бергенде аздаған сенімсіздік болуы мүмкін.
		-Жауабы дұрыс, бірақ әрдайым терең емес. Кейбір тұжырымдарда ұсақ қателер бар. Мысалдарды қолданады, бірақ кейде орынды емес. -Жауабы жалпы дұрыс, бірақ дәлелдері жеткіліксіз. Тақырыптың

26	ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ  SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»	
«Әлеуметтік медициналық сақтандыру және қоғамдық денсаулық» кафедрасы		58-12
«Денсаулық сақтаудағы цифрландыру және жасанды интелегент» пәнінің жұмыс оқу бағдарламасы		20 беттің 14 беті

	74%).	кейбір қосымша жақтары ашылмаған. Нақтылау үшін оқытушының көмегін қажет етеді. -Негізгі мазмұны меңгерілген. Жауабы толық емес, бірақ дұрыс. Терминологияны сенімсіз қолданады.
	C 2,0;(65-69%); C- (1,67;60-64%); D+(1,33;55-59%) D (1,0;50-54%).	-Тақырыпты үстірт түсінген. Жауабы жартылай дұрыс, талдау жоқ. Қателер бар, бірақ жалпы мағынасы сақталған. -Жауабында дәлсіздіктер бар, маңызды тұстар жіберілген. Нақтылау сұрақтарына жауап беруде қиналады. -Жауабы толық емес, үзінді түрінде берілген. Көптеген қателер бар. Оқытушының үнемі көмегін қажет етеді. -Тақырыпты білуі шектеулі, көбіне жаттап алған мәтінді қайталайды. Мазмұнның мәнін іс жүзінде түсінбейді.
	FX(0.5;25-49)	Жауабы тақырыптың негізгі мазмұнын ашпайды. Айтарлықтай қателер бар. Жауапта логика мен құрылым жоқ. Тақырыпты жартылай түсінеді.
	F(0;0-24)	Жауабы жоқ немесе мүлдем дұрыс емес. Материал меңгерілмеген. Негізгі ұғымдарды да түсінбеген. Жеңіл бағыттаушы сұрақтарға да жауап бере алмайды.
Бақылау түрі	Баға	Бағалау критерийлері
Жағдайлық есептерді шешу	A (4,0;95-100%)	Шешім толық дұрыс және логикалық тұрғыда негізделген. Жағдайды, себеп-салдар байланысын және клиникалық ойлауды терең түсінген. Ең тиімді шешім стратегиясы таңдалған. Жауабы нақты, дәлелді және логикаға негізделген.
	A- (3,67; 90-94%)	Шешім негізінен дұрыс, логикалық тізбегі сақталған. Ұсақ дәлсіздіктер қорытындыға әсер етпейді. Мәселенің мәнін түсінген, таңдауын сенімді түрде түсіндіреді.
	B+ (3,33;85-89%); B (3,0 ;80-84%); B- (2,67; 75-79%); C+ (2,33;70-74%).	-Шешім дұрыс, талдау бар, бірақ жеткілікті терең емес. Дәлелдеу жартылай толық емес. Мәселенің негізгі қырлары дұрыс анықталған. -Негізгі шешім дұрыс, бірақ кейбір мәліметтер жетіспейді. Логика жартылай бұзылған. Дәлел бар, бірақ баламалы нұсқалар қарастырылмаған. -Шешім жартылай дұрыс, ой қорытындысында қателіктер бар. Барлық кезеңдер логикалық тұрғыда негізделмеген. Түсіндіру үшін оқытушы көмегі қажет. -Мәселені түсінеді, бірақ талдау үстірт. Шешім толық емес. Қателіктер маңызды емес. Жауапты өз бетімен іздеуге талпыныс бар.
	C 2,0;(65-69%); C- (1,67;60-64%); D+(1,33;55-59%) D (1,0;50-54%).	-Шешім жартылай дұрыс. Логика мен дәлелдеуде қателер бар. Таңдалған шешімді түсіндіру жеткіліксіз. Талдау толық емес. -Шешім үстірт және негізсіз. Негізгі талдау кезеңдері жіберілген. Жауап толық емес және сенімсіз берілген. -Шешім негізінен қате. Ой қорытынды жасауға талпыныс бар, бірақ логика бұзылған. Негізгі тұстарда қателіктер бар. -Шешім қате, бірақ жауап беруге әрекет жасалған. Мәселенің мәнін түсінбеген. Логика мен дәлелдеме жоқ.
	FX(0.5;25-49)	Шешім талаптарға сай емес. Мәселені түсіну байқалмайды. Талдау мен дәлелдеу орындалмаған. Қайта тапсыруға рұқсат етіледі.
	F(0;0-24)	Шешім жоқ немесе мүлде қате. Мәселені түсіну де, ой қорыту да жоқ.

26	ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Әлеуметтік медициналық сақтандыру және қоғамдық денсаулық» кафедрасы		58-12
«Денсаулық сақтаудағы цифрландыру және жасанды интелегнт» пәнінің жұмыс оқу бағдарламасы		20 беттің 15 беті

		Материал меңгерілмеген.			
Бағалау критерийі	Деңгей				
	Өте жақсы	Жақсы	Қанағат-тылық	Қанағатсыз	
	90 – 100	70-89	50-69	<50	
Ауызша сұрау , сұрақ-жауап, жазбаша сұрау	35-40	25-34	20-24	< 20	
Қарастырылатын тақырып бойынша негізгі терминдер мен анықтамаларды білу.	10-10	8-10	7	<6	
Медициналық қызмет көрсетудің негізгі қағидаттарын білу	10-10	8-10	7	<6	
Қарастырылатын тақырыптың болашақ мамандықпен өзара байланысын анықтай білу, нақты практикалық мысалдар келтіре білу.	10-10	8-10	6	<6	
Жауап беру кезіндегі қосымша әдеби дереккөздерге сілтемелер, қосымша конспект, медициналық жарияланымдарды талдау	5-10	1-4	0-3	0-2	
Есептерді шығару немесе тапсырманы орындау.	27-30	23-26	20-22	< 20	
Берілген мәліметтерді талдау.	9-10	8-9	7-8	<7	
Нормативтік құжаттармен жұмыс істей білу.	9-10	8-9	7-7	<6	
Қорытынды жасай білу.	9-10	7-8	6-7	<6	
Тестілеу	28 – 30	22-27	10 – 21	< 10	

ОБӨЖ/БӨЖ-ге арналған тексеру парағы

Бағалау критерийі	Баға	Бағалау критерийлері
Тақырыптың презентациясы	A (4,0;95-100%)	Презентация жоғары деңгейде орындалған. Тақырып толық ашылған, материал құрылымды және қисынды түрде берілген. Көрнекі материалдар (слайдтар, сызбалар, графиктер) тиімді қолданылған. Сөйлеу сенімді, сауатты және мәнерлі. Оқытушы мен аудитория сұрақтарына толық әрі дәлелді жауап береді.
	A- (3,67; 90-94%)	Презентация сапалы орындалған, тақырып толық дерлік ашылған. Материал логикалық, бірақ аздаған дәлсіздіктер бар. Баяндамашы тақырыпты жақсы меңгерген және сенімді сөйлейді. Сұрақтарға жалпы дұрыс жауап береді.
	B+ (3,33;85-89%); B (3,0 ;80-84%); B- (2,67; 75-79%); C+ (2,33;70-74%).	Тақырып жеткілікті толық ашылған. Материал жақсы меңгерілген, бірақ барлық егжей-тегжейі қамтылмаған. Презентация қызықты, бірақ кейде жүйелілік жетіспейді. Жауаптар дұрыс, бірақ әрдайым дәлелді емес. Презентация қанағаттанарлық деңгейде орындалған. Тақырып жартылай ашылған, ұсақ қателер бар. Сөйлеу сенімді, бірақ дәлелдеме аз. Жауаптар қысқа және талдау жоқ. Тақырыптың негізгі аспектілері ашылған, бірақ қосымша мәліметтер ескерілмеген.



		Материал қарапайым және кейде қисынсыз берілген. Жауаптардың кейбірі ғана дұрыс. - Тақырып жартылай ашылған. Қателер мен дәлсіздіктер бар. Материал үстірт берілген, талдау жоқ. Презентация сенімсіз.
	C 2,0;(65-69%); C-(1,67;60-64%); D+(1,33;55-59%) D (1,0;50-54%).	- Презентация формалды түрде орындалған. Мазмұны толық емес, елеулі қателер бар. Жауаптар үстірт және дәлелсіз. - Тақырып әлсіз ашылған, көптеген дәлсіздіктер бар. Презентация құрылымсыз және түсініксіз. Жауаптар сенімсіз және толық емес. - Презентация ұқыпсыз дайындалған. Мазмұны бөлшектелген, логикалық қателер бар. Жауаптардың кейбірі дұрыс емес. - Презентация қарапайым деңгейде, тақырып толық ашылмаған. Материалда талдау және көрнекілік жоқ. Жауаптар сенімсіз немесе мүлдем жоқ.
	FX(0,5;25-49)	Презентацияда өрескел қателер бар. Тақырып ашылмаған. Жауаптар жоқ немесе қате.
	F(0;0-24)	Презентация жоқ немесе талаптарға сай емес. Материал менгерілмеген. Тақырыпты түсіну мен дәлелдеме мүлде жоқ.
Баяндаманы дайындау және қорғау	A (4,0;95-100%)	Баяндама жоғары деңгейде орындалған. Тақырып толық ашылған, материал құрылымды және терең талданған. Заманауи дереккөздер мен нақты мысалдар қолданылған. Сөйлеу сауатты, сенімді және мәнерлі. Оқытушы мен аудитория сұрақтарына толық әрі дәлелді жауап береді.
	A- (3,67; 90-94%)	Баяндама сапалы дайындалған, тақырып толық дерлік ашылған. Логикалық және жүйелі, бірақ аздаған дәлсіздіктер бар. Сөйлеу сенімді, бірақ жеткілікті мәнерлі емес. Жауаптар негізінен дұрыс, бірақ кейде толық емес.
	B+ (3,33;85-89%); B (3,0 ;80-84%); B- (2,67; 75-79%); C+ (2,33;70-74%).	- Тақырып жеткілікті толық ашылған. Материал орынды таңдалған, бірақ талдау терең емес. Баяндамашы сенімді сөйлейді, кейде кідірістер байқалады. Жауаптар негізінен дұрыс. - Тақырып ашылған, бірақ толық емес. Ұсақ қателер мен дәлсіздіктер бар. Талдау үстірт, бірақ логика сақталған. Жауаптар қысқа немесе толық емес. - Баяндама жауапкершілікпен орындалған, бірақ тақырып толық ашылмаған. Материал ішінара берілген, қорытындылар жеткіліксіз. Сөйлеу сенімсіз, сұрақтарға жауап беруде қиындықтар бар. - Тақырып жартылай ашылған. Материал жеткіліксіз, логикасы әлсіз. Сөйлеу мәнерсіз, жауаптардың бір бөлігі ғана дұрыс.
	C 2,0;(65-69%); C-(1,67;60-64%); D+(1,33;55-59%) D (1,0;50-54%).	- Баяндамада қателер мен дәлсіздіктер бар. Тақырып әлсіз ашылған, талдау жоқ. Сұрақтарға жауаптар сенімсіз және толық емес. - Баяндама қарапайым, логикалық байланыс әлсіз. Материал жүйеленбеген. Сұрақтарға жауап беру қиын немесе жауап жоқ. - Баяндама ұқыпсыз орындалған. Тақырып дерлік ашылмаған. Жауаптар бөлшектенген және дәлсіз. - Баяндама формалды түрде жасалған, талдау жоқ. Материал әлсіз, өрескел қателер бар. Жауаптар жоқ немесе қате.
	FX(0,5;25-49)	Баяндама талаптарға сай емес. Тақырып ашылмаған. Жауаптар жоқ

26	ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Әлеуметтік медициналық сақтандыру және қоғамдық денсаулық» кафедрасы		58-12
«Денсаулық сақтаудағы цифрландыру және жасанды интелегент» пәнінің жұмыс оқу бағдарламасы		20 беттің 17 беті

Тест тапсырмаларын құрастыру	F(0;0-24)	немесе мүлдем қате.
	A (4,0;95-100%)	Баяндама жоқ немесе мүлдем орындалмаған. Материал меңгерілмеген. Білім алушы тақырыпты түсінбегенін көрсетті.
	A- (3,67; 90-94%)	Білім алушы оқу мақсаттарына сай, жоғары деңгейдегі, логикалық тұрғыдан дұрыс және қатесіз тест сұрақтарын құрастырған. Сұрақтар білімнің әртүрлі деңгейлерін (түсіну, талдау, қолдану) бағалайды. Рәсімдеу ұқыпты және кәсіби түрде орындалған.
	B+ (3,33;85-89%); B (3,0 ;80-84%); B- (2,67; 75-79%); C+ (2,33;70-74%).	Тест сұрақтары сауатты дайындалған, оқу мақсаттарына сай келеді. Тек ұсақ қателіктер немесе тұжырымдауда/рәсімдеуде аздаған кемшіліктер бар. Білім деңгейлерінің әртүрлілігі сақталған.
		- Тест сұрақтары жақсы дайындалған, негізгі тақырыптарды қамтиды. Бірақ кейбір сұрақтардың тұжырымдары нақтылауды қажет етеді немесе мақсатты құзыреттерді толық бағаламайды. - Тест сұрақтары қанағаттанарлық деңгейде жасалған. Көпшілігі дұрыс, бірақ кейбір дәлсіздіктер, қайталанулар немесе бір деңгейдегі қиындықтар кездеседі. - Жұмыс негізінен дұрыс орындалған, бірақ сұрақ тұжырымында бірнеше маңызды қателіктер бар немесе оқу мақсаттарына сәйкес келмейтін тұстары байқалады. - Тест сұрақтары оқу мақсаттарына жартылай сәйкес келеді; логикалық немесе тілдік қателіктер бар, құрылымы айқын емес, қиындық деңгейі теңгерілмеген.
	C 2,0;(65-69%); C-(1,67;60-64%); D+(1,33;55-59%) D (1,0;50-54%).	- Тест сұрақтарының басым бөлігі үстірт дайындалған, тұжырымдауда қателер бар немесе оқу мақсаттарын толық қамтымайды. - Тест сұрақтарында көптеген қателер бар, танымдық маңызы төмен, тақырып пен курс мазмұнына сай емес. - Жұмыста айтарлықтай қателер бар, бірақ тапсырманың мәнін түсінген және білімін қолдануға тырысқан. - Жұмыста көптеген қателер бар, тест сұрақтары талаптарға және оқу мақсаттарына сай емес.
	FX(0.5;25-49)	Жұмыс аяқталмаған немесе формалды түрде орындалған. Минималды деңгейге жету үшін елеулі түзетулер қажет.
	F(0;0-24)	Тапсырма орындалмаған, оқу мақсаттары түсінілмеген, тест сұрақтары тақырыпқа сай емес.

Бағалау критерийі		90-100	70-89	50-69	<50
БӨЖ тапсыру мерзімі (уақтылы, 1-2 күнге кеш тапсырды, 3күнге кеш тапсырды, 4 күннен артық кеш тапсырды)		25-25	18-24	17-23	<13-16
БӨЖ тапсыру түрі (беттердің/ слайдтардың саны, тест тапсырмаларының саны) силлабустың талаптарына сай.		25-25	18-24	17-23	<13-16
Көрнекілігі (шрифттердің өлшемі мен түрі, графика құралдарын, сурет формаларын, түс ерекшеліктерін және т. б. қолдану).		20-25	17-24	10-16	<9-10
Пайдаланылған әдебиеттер		20-25	17	6-7	<4-5
Аралық аттестаттауға арналған тексеру парағы					
Тестілеу - білімді бағалаудың көпбалдық жүйесіне сәйкес бағаланады					
Білімді бағалаудың көпбалдық жүйесі					
Әріптік жүйе бойынша		Баллдардың сандық		Пайыздық	
				Дәстүрлі жүйе бойынша	

26	ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Әлеуметтік медициналық сақтандыру және қоғамдық денсаулық» кафедрасы		58-12
«Денсаулық сақтаудағы цифрландыру және жасанды интелегнт» пәнінің жұмыс оқу бағдарламасы		20 беттің 18 беті

бағалау	баламасы	мазмұны	бағалау
A	4,0	95-100	Өте жақсы
A -	3,67	90-94	
B +	3,33	85-89	
B	3,0	80-84	Жақсы
B -	2,67	75-79	
C +	2,33	70-74	
C	2,0	65-69	Қанағаттанарлық
C -	1,67	60-64	
D+	1,33	55-59	
D-	1,0	50-54	Қанағаттанарлықсыз
FX	0,5	25-49	
F	0	0-24	

11. Оқу ресурстары

Электрондық ресурстар	• Электронная библиотека ИЮМА - https://e-lib.skma.edu.kz/genres • Республиканская межвузовская электронная библиотека (РМЭБ) – http://rmebrk.kz/ • Цифровая библиотека «Aknurpress» - https://www.aknurpress.kz/ • Электронная библиотека «Эпиграф» - http://www.elib.kz/ • Эпиграф - портал мультимедийных учебников https://mbook.kz/ru/index/ • ЭБС IPR SMART https://www.iprbookshop.ru/auth • информационно-правовая система «Заң» - https://zan.kz/ru • Medline Ultimate EBSCO • eBook Medical Collection EBSCO • Scopus - https://www.scopus.com/
Әдебиет	Бөлешов, М. Ә. Медициналық статистика : оқулық / М. Ә. Бөлешов. - Алматы : Эверо, 2015. - 116 бет с. Лисицын, Ю. П. Общественное здоровье и здравоохранение [Текст] : учебник / Ю. П. Лисицын, Г. Э. Улумбекова ; М-во образования и науки. - 3-е изд., перераб. и доп. ; Рек. ГОУ ВПО "Первый Моск. гос. мед. ун-т им. И. М. Сеченова". - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2013. - 544 ил. Лисицын, Ю. П. Общественное здоровье и здравоохранение [Текст] : учебник / Ю. П. Лисицын, Г. Э. Улумбекова. - 3-е изд., перераб. и доп. ; Мин-во образования и науки РФ. Рек. ГОУ ВПО "Первый гос. мед. ун-т им. И. М. Сеченова". - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2015. - 544 с. Рыманов, Д. М. Денсаулық сақтауды басқару этикасы : оқу-әдістемелік кешен = Этика управления в здравоохранении : учебно-методический комплекс / - Алматы : Эверо, 2015. - 164 бет. Бөлешов М. Ә. Қоғамдық денсаулық және денсаулықты сақтау : оқулық / М. Ә. Бөлешов. - Алматы : Эверо, 2015. - 244 бет с.

12. Пән саясаты

1. Оқу үдерісіне белсенді қатысу. 2. Белсенділік болмаған жағдайда және тапсырмаларды орындамаған жағдайда айып шаралары қолданылады және тәжірибелік сабақтың балы төмендейді. 3. Алдағы дәрістің тақырыбы туралы алдын-ала түсінік алу, дәрісте кері байланысқа дайын болу. 4. Командада жұмыс істей білу. 5. Студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарына және оқу-әдістемелік үрдісті жетілдіру бойынша кафедраның іс-шараларына белсенді қатысу. 6. Аудиторияда техника қауіпсіздігін сақтау. 7. Аралық бақылауды белгіленген уақытта тапсыру. 8. Студенттердің білімін аралық бақылау бір академиялық кезең ішінде кемінде екі рет теориялық оқытудың 7/15 апталарында өткізіліп, қорытындысы оқу үлгерім журналына және электронды журналға дәрістерді жібергені үшін айыпбалын есепке ала отырып қойылады (жіберген дәріс сабағы үшін айып балы аралық бақылау бағасынан алынады). 1 дәрісті жібергені үшін айыпбалы 1,0. Аралық бақылауға себепсіз келмеген студент пән бойынша емтихан тапсыруға жіберілмейді. Аралық бақылау қорытындысы деканатқа бақылау аптасының соңына дейін баянат түрінде беріледі.
--



9. БӨЖ-ді кестеде көрсетілген мерзімде міндетті түрде тапсыру, жазбаша жұмыстардың барлық түрлері плагиатқа тексеріледі.

10. БӨЖ - де көрсетілген тапсырмалардың бірнеше түрінен студенттер бір түрін таңдайды.

11. БӨЖ бағасы ОБӨЖ сабақтарының кестесіне сәйкес оқу үлгерімі журналына және электрондық журналға БӨЖ сабақтарына келмегені үшін айып балдарын есепке ала отырып қойылады (ОБӨЖ сабақтарына келмегені үшін айып балдары БӨЖ бағасынан алынады). 1 ОБӨЖ сабағына келмегені үшін айыпбалы 2,0 баллды құрайды.

12. Емтиханға жіберу рейтингі тәжірибелік сабақтың, БӨЖ, аралық бақылаудың орташа балдарынан құралады. Емтиханға жіберу рейтингісін есептеу мысалы: ЖРБ (жіберу рейтингін бағалау) = $80 + 90 + 95 = 88,3$; мұндағы 80-тәжірибелік сабақтардың орташа бағасы; 90-аралық бақылаудың орташа бағасы; 95-БӨЖ орташа бағасы.

13. Білім алушы бақылаудың бір түрінен (ағымдық бақылау, №1 және/немесе №2 аралық бақылау) өтпелі балды жинамаса (50%) , пән бойынша емтиханға жіберілмейді.

13. Академияның моральдық-этикалық құндылықтарына негізделген академиялық саясат

1 **Миссия** Бәсекеге қабілетті кадрларды даярлау саласында танылған көшбасшы болу!

Білім алушы ар-намыс кодексі: 1. Білім алушы Қазақстан Республикасының лайықты азаматы, өзі таңдаған мамандығының кәсіби маманы болуға, шығармашыл тұлғаның ең жақсы қасиеттерін дамытуға ұмтылады. 2. Білім алушы үлкендерге құрметпен қарайды, басқаларға дөрекілікке жол бермейді және әлеуметтік осал адамдарға жанашырлық танытып, мүмкіндігінше қамқорлық жасайды. 3. Білім алушы әдептілік, мәдениеттілік және имандылық үлгісі болып табылады, азғындық көріністеріне төзбейді, жынысына, ұлтына, дініне қарай кемсітуге жол бермейді. 4. Білім алушы салауатты өмір салтын ұстанып, жаман әдеттерден толықтай бас тартады. 5. Білім алушы университеттің дәстүрін құрметтейді, оның мүлкіне қамқорлық жасайды, білім алушы жатақханадағы тазалық пен тәртіпті қадағалайды. 6. Білім алушы шығармашылық белсенділікті дамытуға (ғылыми, білім беру, спорттық, өнер және т.б.) және корпоративтік мәдениет пен университеттің имиджін көтеруге бағытталған қажетті және пайдалы іс-әрекеттерді таниды. 7. Қабырғалардың сыртында білім алушы өзінің жоғары мектептің өкілі екенін үнемі есте сақтайды және оның ар-намысы мен абыройына нұқсан келтірмеуге бар күш-жігерін салады. 8. Білім алушы академиялық арамдықтың барлық түрлерімен күресуді өзінің міндеті деп санайды, соның ішінде: алаяқтық және білімді бақылау процедураларынан өту кезінде басқалардың көмегіне жүгіну; кез келген көлемдегі дайын оқу материалдарын (рефераттар, курстық жұмыстар, бақылау жұмыстары, дипломдық және басқа жұмыстар), оның ішінде интернет-ресурстарды өз жұмысының нәтижесі ретінде ұсыну; Плагиатқа қарсы жүйені айналып өту; жоғары баға алу үшін отбасы немесе жұмыс байланыстарын пайдалану; сабаққа себепсіз келмеу, кешігу және сабаққа келмеу. Тіркеуші кеңсесі АР 044/101-2022 Ed. №4 14 бет 67 «ОҚМА» АҚ академиялық саясаты 9. Білім алушы аталған академиялық адалдықтың барлық түрлерін Қазақстанның болашақ экономикалық, саяси және басқарушылық элитасына лайықты сапалы және бәсекеге қабілетті білім алумен үйлеспейді деп санайды.

Білім беру жүйесіндегі орны

Халықаралық сапа және қауіпсіздік стандарттарына сай мамандарды даярлауға бағытталған құзыреттілік тәсілдеріне және практикалық денсаулық сақтау мен фармацевтикалық өндірістердің қажеттіліктеріне негізделген медициналық және фармацевтикалық білім берудің тиімді жүйесі

«ОҚМА» АҚ өз миссиясын жүзеге асыруға негізделген негізгі этикалық қағидалар:

«ОҚМА» АҚ ПОҚ жоғары кәсібилігі қағидасы – бұл дайындықтың барлық деңгейіндегі білім алушыларға сапалы білім беру қызметін ұсынатын ПОҚ-ның өз білімдері мен дағдыларын үнемі жетілдіруі.



«ОҚМА» АҚ -дағы сапа қағидасы - қазақстандық білім беруді жаңғырту тұжырымдамасын жүзеге асыру болып табылады, оның басты бағыты жеке тұлғаның, қоғамның және мемлекеттің өзекті және перспективті сұранысына сәйкес білім беруде қазіргі заманауи сапамен қамтамасыз ететін инновациялық технологиялар мен ғылым мен тәжірибедегі жаңа жетістіктерді оқу процесінде, ғылыми-зерттеу қызметтерінде және кеңес беру-диагностикалық жұмыстарда қолдануды қамтамасыз ету болып табылады.

Оқу бағдарлау қағидасы - білім беру бағдарламаларының икемді траекториялары бойынша білім алушы орталықтаныдырылған оқу процесін іске асыру, еңбек нарығында тез өзгеріп отыратын

26	ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ  SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»	
«Әлеуметтік медициналық сақтандыру және қоғамдық денсаулық» кафедрасы		58-12
«Денсаулық сақтаудағы цифрландыру және жасанды интелегнт» пәнінің жұмыс оқу бағдарламасы		20 беттің 20 беті

	экономикалық жағдайлар мен қазіргі заманғы үрдістерді ескере отырып, білім алушыларға олардың кәсіби өсуі үшін барынша тиімді жағдайлар жасау, мотивацияны дамыту және білім беру нәтижелерін бақылау, білім беру бағдарламаларын үздіксіз жаңарту, тиімді кәсіби қызметі үшін қажетті білімі мен біліктілік шеңберін кеңейту.
2	«ОҚМА» АҚ ның академиялық политикасы П. 4 Білім алушы ар-намыс кодексі http://surl.li/eroik
3	Пән бойынша баға қою саясаты Білім алушының курс аяқталғаннан кейінгі қорытынды бағасы (ҚБ) рұқсат беру рейтингісінің (РБР) бағасы мен қорытынды бақылау бағасының (ҚББ) қосындысынан тұрады және балдық рейтингтік әріптік жүйеге сәйкес қойылады. $ҚБ = РБР + ҚББ$ Рұқсат беру рейтингісін бағалау (РБР) 60 балға немесе 60% - ға тең және мыналарды қамтиды: Ағымдағы бағалау (АБ) және аралық бақылауды бағалау (АББ). Ағымдағы бағалау (АБ) практикалық сабақтар мен БӨЖ сабақтарының орташасын бағалауды білдіреді. Аралық бақылауды бағалау (АББ) екі аралық бақылаудың (АББ) орташа бағасын білдіреді. Рұқсат беру рейтингісінің бағасы (60 балл) мына формула бойынша есептеледі: $РБР_{орт} * 0,2 + АББ_{орт} * 0,4$ Қорытынды бақылау (ҚБ) тестілеу нысанында өткізіледі және білім алушы 40 балл немесе жалпы бағаның 40% - ын ала алады. Тестілеу кезінде білім алушыға 50 сұрақ ұсынылады. Қорытынды бақылауды есептеу мынадай түрде жүргізіледі: егер білім алушы 50 сұрақтың 45-іне дұрыс жауап берсе, бұл 90% құрайды. $90 \times 0,4 = 36$ балл. Қорытынды баға, егер білім алушының жіберу рейтингісі бойынша (ЖР) = 30 балл немесе 30% және одан жоғары, сондай-ақ қорытынды бақылау бойынша (ҚБ) = 20 балл немесе 20% және одан жоғары оң бағалары болған жағдайда есептеледі. Қорытынды баға (100 балл) = $РБР_{орт} * 0,2 + МББ_{орт} * 0,4 + ҚБ * 0,4$ бақылау түрлерінің бірі (АББ1, АББ2, АББорт) үшін қанағаттанарлықсыз баға алған білім алушы емтиханға жіберілмейді. Айыппұл балдары ағымдағы бақылаудың орташа бағасынан алынады

14. Бекіту және қайта қарау

КАО келісілген күні	Хаттама	КАО басшысы	Қолы
«25» 06 2025 ж	№ 7	Дарбичева Р.И.	
Кафедрада бекітілген күні	Хаттама	«ӘМС және ҚД» каф. меңгерушісі	Қолы
«26» 06 2025 ж	№ 16	Сарсенбаева Г.Ж.	
«ҚД» ББ АҚ мақұлданған күні	Хаттама	«ҚД» ББ АҚ төрайымы	Қолы
«27» 06 2025 ж	№ 7	Сарсенбаева Г.Ж.	
Қайта қарау күні	Хаттама	«ӘМС және ҚД» каф. меңгерушісі	Қолы
« » 202 ж	№	Сарсенбаева Г.Ж.	
«ҚД» ББ АҚ қайта қарау күні	Хаттама	«ҚД» ББ АҚ төрайымы	Қолы
« » 202 ж	№	Сарсенбаева Г.Ж.	